



Құрметті әріптестер!
Қазақстанда наурыздың 22-де табиғаттың және жалпы тіршіліктің жаңаруын белгілейтін мемлекеттік мерекесі тойланады.
Осы ерекше мереке қарсаңында, менің шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар!
Сіздерге зор денсаулық, аманшылық және осы мерекелік күндерінде үй ішінде және достар арасында жақсы демалыс тілеймін.
Наурыз құтты болсын!

Дамиано Ратти, бас директор

Ақсай Наурыз мейрамын қарсы алды

Қазақстанда Наурыз мерекесі үш күн - 21-23 аралығында тойланады. Бұл күндерде Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес демалыс күні болып жарияланады. Қазақ халқының нанамы бойынша, адам баласы осы көктемгі күн мен түннің теңесуі кезінде ағаш отырғызып, арықтарды тазалау тиіс. Жаңаруға тырысудың белгісі ретінде мерекеді үйді, аула маңайын мұқият тазалап, қағып-сілкіп, тазартатын болған. Неше түрлі дәм салынған басты тағам - Наурыз көже дайындайды.

Наурызда Қазақстанның барлық аймақтары мен елді-мекендерінде мерекелік іс-шаралар кеңінен оздырылды. Бұл күні шығармашылық ұжым мен өнерпаздардың концерттік бағдарламасы, театрландырылған көрініс, веложарыс, әртүрлі байқаулар, қызықты сауалдар, спорттық жарыстар, ағаш отырғызу, жәрмеңке тәрізді шаралар көптеп ұйымдастырылды.

Наурыз мерекесінде еліміздің бас қаласы - Астанада 40 шара болып өтті. Басты мейрам 22 наурыз күні еліміздің түкпір-түкпірінен келген шығармашылық ұжымдарының көрсеткен театрландырылған көрініс пен концерттік бағдарламасы «Қазақ елі» монументінде өткізілді. Астанада Наурыз мейрамы кешкілік мерекелік оташашумен аяқталды.

Ақсай қаласы болса Қазақстанның бас қаласы - Астанадан мың шақырым қашықтықта орналасқан. Наурыздың 22-сі күні Қазақстанның басқа аймақ тұрғындары секілді ақсайлықтар, сонымен қатар Қарашығанақ кен орнында еңбек етіп жатқан шетел компанияларының өкілдері де ұлттық мерекені қуанышпен қарсы алды. Қалыптасқан дәстүрге сай негізгі мейрам Ғ. Жәңгіров атындағы саябақта болып өтті. Аудан тұрғындарын Бөрлі ауданының әкімі Марат Түсіпқалиев, КПО Б.В. компаниясының бас директоры Дамиано Ратти, сондай-ақ КПО-ның алғашқы басшылары, ауданның құрметті азаматтары құттықтады.

Бөрлі жерін жер-жаһанға танытып, ел экономикасының өрістеуіне қомақты үлес қосып келе жатқан КПО б.в. компаниясының бас директоры Дамиано Ратти тілегін былай жеткізді: «Қымбатты достар! Көп ұлтты КПО Б.В. компаниясының ұжымы атынан Наурыз мейрамымен құттықтаймын. Ерте ғасырдан тамыр тартқан бұл көктем мейрамы - жаңа жылдың белгісі. Бағзы заманнан бері бұл күні адамдар бір-біріне жақсылық тілейді. Сондай-ақ Наурыз мейрамы жыл бойы жетістік әкеледі деген сенім бар. Бұл мейрамның КПО Б.В. компаниясының ең сүйікті мейрамы екенін ерекше атап өткім келеді. Осы айтулы күні біз қол жеткізген жетістігімізді бағалап, болашаққа көз тігіміз. 2013 жылы Наурызды Қарашығанақ жаңа инновациялық технологияны енгізе, өндірістік жаңа рекордтық көрсеткіштермен қарсы алды, сонымен қатар жергілікті экономика және әлеуметтік инфрақұрылым саласындағы жетістіктерін атап өтуде.

Өсіресе, экологиялық қызмет табысы, сондай-ақ компанияда ұлттық кадрлардың өл-ауқатын жақсарту бойынша қортындысы ерекше есер қалдырады. КПО Б.В. компаниясы жыл сайын Ақсай қаласының инфрақұрылымын дамыту үшін 10 млн АҚШ доллар қаржы бөлді. Ақсай - біздің еңбек етіп, тұрып жатқан қаламыз. Біздің компанияның өндіріс саласындағы қол жеткізіп отырған жетістіктеріне жергілікті тұрғындардың да қосқан үлесі зор. Сонымен қатар жергілікті өкімдікпен өзара ынтымақтастығымыздың арқасында біз игі істерді еселей тындырып келеміз. Алдағы уақытта да бірлігіміз нығайтып, биік белестерді бағындыра берейік!», - деді.

Мереке барысында КПО-мен бірге кен орнында жұмыс жасап жатқан көптеген компаниялар киіз үй тігіп, қаланың әрбір тұрғыны келіп, мерекелік дастарханнан ауыз тиді. Құрметті қонақтарды КПО Б.В. компаниясының бас директоры Дамиано Ратти киіз үйде құрметпен қарсы алды.

Вахта қалашығында тұрып жатқан КПО



қызметкерлері де Наурыз мерекесінде қалыс қалмай, атап өтті. Чех қалашығы асханасы дайындаған мерекелік дастархан ежелгі көшпенді халықтың тұрмысын айқын бейнелейтін ұлттық нақышталған киіз үйде орын тепті. Вахта қызметкерлерінің алдында ұлттық киім киген балалар би топтары өнер көрсетті. «Multicatering» компанияның атынан Чех қалашығының бас аспазы Антонио Салваторе Фоиц қалыптасқан дәстүр бойынша ұлттық тағамдардан тұратын мерекелік кешкі ас әзірледі.

Наурыз мейрамы - жер бетіндегі ең көне мерекелердің бірі. Бірнеше жыл қатарынан қазақстандықтардың көктемгі, ең жарқын және молшылық мерекесі болып табылады. Ғасырдан ғасырға ұласқан Наурыз мейрамы әр жүрекке қуаныш пен үміт сыйлайды. Ол бес мың жылдан астам уақыт бойына Орта Азия, кейбір дерек көздері бойынша шығыс славян халқында көктем мен табиғаттың жаңару мерекесі ретінде тойланып келеді. Қазақстанда 1926 жылға дейін тойланып, ислам діні таралғанға дейін пайда болғанына қарамастан, Сталиннің солақай саясаты арқасында діни мереке ретінде тиым салынған. Сондықтанда Қазақстанда 1926-1988 жылға дейін Наурыз жалпыхалықтық сипатта тойланбады. Тек 2001 жылы ғана Наурыз мемлекеттік мереке ретінде жарияланып, ал 2009 жылдан бастап 21-23 аралығында үш күн қатарынан тойланады.

Ертеректе қазақ халқы уақытты ай, күн немесе шығыс күнтізбесіне қарап анықтаған. Көктем мезгілінің туғанын қазақтар күн немесе киіз үй төбесінен түскен сәулеге қарап білген. Қазіргі біз қолданып жүрген Григориан күнтізбесі бойынша күн мен түннің ұзақтығы теңелуі 22 наурызда дәл келеді. Бұл күндер шекаралық мезгіл екені ғылым да дәлелдеген. Сондықтан да март - Наурыз айы деп атаған. Мейрамның басты тағамы - Наурыз көже жеті түрлі дәмнен жасалды. Бүгінгі ұрпақ санасындағы Нау-

рыз - бұл шығыс күнтізбесі бойынша Жаңа жыл. Негізгі Наурыз мерекесі ғасырлар бойы тарихы тереңде жатқан ерекше мейрам. Наурыз ТМД елдері Үндістан, Ауғанстан, Иран елдері халықтары төл мереке ретінде тойлайды. Сонымен қатар ағылшындарда 18 ғасырға дейін Жаңа жылды 26 наурызға дейін тойлаған.

Наурыз - достық, бейбітшілік, жаңару мерекесі болғандықтан бар адам тазарып, жақсы киімін киіп, бір-біріне деген өкпе-ренішін ұмытып, өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Үйдің іші, бұлақтың көзін ашып, арық пен құдықтарды тазартқан. Адамдар бір-бірімен татуласып, ашу, қызғаныш сезімдерден ада болған. Аңыз бойынша, қазақ халқы 21 наурыздан 22 наурызға қараған түні жер бетін кезген бақыт өтіп кетпес үшін тазалықпен қарсы алу керек деп ұққан. Сондықтанда түн - бақыт түні деп бекер аталмаған. Ежелгі түркілер, қазақтар мерекеді жаңа киімдер - ақ жейде мен көйлек киіп, ерлер міндетті түрде сақал-мұртын ұстарамен бастырып, шашын қиған. Ұлыстың ұлы күнінде бережақ қарыздарын қайтарып, татуласқан, ескі ауру-сырқаудан, жамандықтардан құтылу үшін жақсылап тазаруға тырысқан.

Көнекөз қариялардың айтуынша, Наурыз келген кезде барлық жамандық атаулы айналып өтеді. Ал көшпелі халықтар Наурызды ағарғанмен - сүтпен, айранмен қарсы алуды жөн көрген. Сондықтан да ыдыс ернеуіне дейін сүт, айран, бидай, бұлақ суымен толтырып, араларындағы өкпе-реніштерін кешіріп табысқан.

Бұдан басқа бұл күн көп ұлт бірлесе тойлайтын достық, бірлік, татулық күні. Бұл күнгі қайын ата мен келін, құйеу бала мен қайын ата арасындағы өзіп де жарасымды.

Ұлыс күні татулық тойы, шаруа, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт тек жақсы тілектер тілейді. Кеңілдің жаңаруы деген осы.





Қымбатты ханымдар!

Сіздерді халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Қарашығанақ жобасындағы табыстарға сіздердің кәсіби үлестеріңіз, өз ісіне берілгендігіңіз және қызметте көрсеткен таланттарың болмаса қол жеткізе алу мүмкін болатын емес еді. Мен осы мүмкіндікті пайдалана отырып барлықтарыңызға сіздердің ерен еңбек және қосқан үлесіңіз үшін алғысымды білдіремін және осы ғажайып көктем мерекесінің қарсаңында сіздерге бақыт, аманшылық және зор денсаулық тілеймін!

**Ізгі тілекпен,
Дамиано Ратти, бас директор**

Әріптестік қағидасын ұстану

Жақында әріптестік туралы үшжақты меморандумға қол қойылуы жергілікті билік пен Қарашығанақта жұмыс жасаушы инвесторлер арасындағы өзара келісім белгісі ретіндегі елеулі оқиға болды деуге болады. Айта кету керек, көп жылдан бері Бөрлі ауданының әкімдігі, мәслихат және КПО Б.В. компаниясының әлеуметтік жобаларды іске асыруда өзара түсіністік пен бірлесіп жұмыс жасауының құжаттық расталуы үш жыл қатарынан жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған екі жақты күш біріктіру ниеттерінен нақтыланатынын еске саламыз.

Аудандық мәслихаттың хатшысы Әділхан Қуликешовтың сөзінше, дайындалған құжат алдын ала мұқият қаралды, меморандум мазмұны қазақстандық әлеуметтік саясаттың мақсаттық бағытына толығымен сәйкес келеді. Жекелеп алсақ, білім саласының болашақтағы жұмыс жоспарында белгіленген басымдықтар, сөз жоқ, депутаттар мен ауыл әкімдерінің үлкен қолдауына ие.

КПО компаниясының орнықты даму бөлімінің менеджері Зульфья Музафрова ағымдағы жыл ішінде бекітілген

демеуші бағдарлама көлемін қысқаша түрде назарға ұсынды. Атап айту керек, БҚО дамуына 20 млн. және Бөрлі ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына 10 млннан теңге қаражаттан басқа КПО Б.В. компаниясы үстіміздегі жылы қосымша бес жобаны жүзеге асыруға қолдау көрсетуге ниет етті. Олардың арасында Қарашығанақ кенішіне жақын орналасқан елді-мекендерде тұратын зейнеткерлердің шипажайларда ем алуын жалғастыру және балаларға арналған жазғы демалысты ұйымдастыру, “Левша” шеберлер мектебіне қолдау көрсету, осы аталмыш мектеп арқасында жүздеген балалар өздерінің таланттарын ашуға және шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік алды, ал көпшілігі кәсіби деңгейін жетілдіру мақсатында тәлім алуда. Сонымен қатар ауыл мектептері оқушыларын қала мектептерімен бірдей деңгейде білім алу үшін ағылшын тілін үйрету курстары ұйымдастырылды, сондай-ақ әлеуметтік жағдайы төмен отбасы және көпбалалы отбасылар балалары да назардан тыс қалмайды – әр мектеп жоғары оқу орны мен колледждерде білім алу үшін үш грантқа ие болады, қамқорлыққа алынған бес ауыл үшін “Жедел жәрдем” көлігін



беру туралы шешім шығарылды, бұл өзекті мәселелерді шешеді. Бұдан басқа КПО Б.В. компаниясы Жеңіс мерекесі, білім күні және Жаңа жыл мерекесінде ауылдықтарға сыйлық тарту ету дәстүрін жалғастыру ниетте.

Айта кету керек, КПО мен билік арасындағы әріптестік туралы декларацияға алғаш рет 2005 жылы қол қойылды, сонда Консультативтік кеңес құрылып, құрамына зейнеткерлер, педагогтар, дәрігерлер, қоғам қайраткерлері, жастар енген болатын. Сол кезден бастап Қарашығанаққа жұмыс істеуге келген шетел компаниялар мен тұрғындар арасында достық қарым-қатынас қалыптасты. Жергілікті тұрғындардың туындаған проблемалары мен қиындықтарының уақытында шешілуі КПО Б.В. компаниясының халықпен тікелей диалог өткізуге мүмкіндік берді, ауылдықтардың өмір сүру деңгейінің мониторингі, тұрғындармен кездесу, өзекті мәселелерді талқылау және ақпараттық сараптама жасау, бұл шетел мамандарының ауданның әлеуметтік ахуалына әсер ететін тапсырмаларды анықтап, шешуге мүмкіндік береді. Мұндай жұмыс тек КПО мен Бөрлі

ауданы әкімдігінің негізгі бөлімдері арасында ынтымақтастық жағдайда ғана жүзеге асатыны жасырын емес.

Әділхан Қуликешов аудандық мәслихат тарапынан Ақсай қаласындағы әлеуметтік әлсіз жанұяларға алдын ала грант қарастыру, сонымен қатар бес ауылдағы шағын және орта бизнес субъектілеріне жеңілдетілген несиелік бағдарламасын қарау тілегін білдіреді. Бөрлі ауданы мәслихаты депутаттардан түскен ұсыныстар қатарында қаладан өндірістік аймаққа апаратын жол - көпірді жөндеу барысындағы қиындықтар мен ауылдық жерлерді абаттандыруды жалғастыру үшін көмектесуге шақырды. Басқосуда мәслихат депутаттары мен селолық округ әкімдері қатысқан келелі әңгімеден кейін меморандумға қол қойылды.

Делегацияны бастаушы Бөрлі ауданы әкімінің орынбасары Азамат Сафималиев КПО-ның бас директоры Дамиано Раттиге компания басшылығы жергілікті биліктің тілегін жерге тастамай, әрдайым оңды жауап беретіндігі үшін алғысын білдіре, алдағы уақытта да бірлесіп тиімді серіктестікті жалғастыруға сенім білдірді.



Атырау қаласында Халықаралық Азаматтық Қорғаныс

Ұйымының (ХАҚҰ) семинары болып өтті

2013 жылдың ақпан айының 18-21 аралығында Атырау қаласында Халықаралық Азаматтық Қорғаныс Ұйымының (ХАҚҰ) семинары болып өтті. Семинарға ХАҚҰ өкілдері, (өрт сөндіру және авариялық-құтқару қызметтерінің басшылары) тыңдаушылар және Атырау облыстық ТЖ Департаментінің өкілдері қатысты.

ХАҚҰ өткізудегі басты мақсат: «ХАҚҰ қатарына енетін елдермен алдын алдын алу іс шаралары, техногендік және табиғи апаттардан қорғау және онымен күрес, Азаматтық Қорғаныс ұйымын дамыту, атапты жағдай орын алған елдерге гуманитарлық көмек көрсету».

Ал 20 ақпан күні ХАҚҰ семинары аясында Атырау-Терминал нысанында КПО компаниясының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлім мамандарының ТЖ алдын алуда Тактикалық-Арнайы Оқулардың ұйымдастырылуы мен көрсеткіштері көрсетілді.

Тактикалық Арнайы Оқуларды өткізудің мақсаты - КПО-ның апаттық қызметтері мен құрылымдарының, апаттық әрекет ету құрылымдарының арасындағы қарым-қатынасының, нысанды апаттық басқару штабының және төтенше жағдайды жою жөніндегі мемлекеттік қызметтердің әрекет ету қабілетінің дайындық деңгейін көрсету.

Алдын ала белгіленген апаттық-құтқару қызметтерінің сценарийі бойынша өртенген мұнайды санаулы уақыт ішінде жойып, төгілген мұнайды жиып, басқарманың апаттық-құтқару жұмысы өткізілетін қауіпсіз жерге (пневматикалық мобилді модуль) орнатты. Атырау облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері мен ХАҚҰ мүшелері КПО Атырау Терминал құтқарушылардың бірлескен, тәртіпке салынған іс-әрекеттеріне жоғары баға берді.



Өткізілген іс-шара КПО-ның апаттық қызметтері мен құрылымдарының техногендік және табиғи апаттарды болдырмау, алдын-алу және жоюдағы іс-әрекеттері жеткілікті тәжірибелі екенін көрсетті.